

"Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының ауылдық жерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы"
Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 19 наурыздағы № 64 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 1 шілдедегі № 137 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 3 шілдеде № 7547-15 болып тіркелді

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының ауылдық жерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 19 наурыздағы № 64 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5257 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қүнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының
әкімі

P. Елубаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Солтүстік Қазақстан облысы

Аққайың ауданы

мәслихатының хатшысы

_____ Е.О.Жәкенов

Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы әкімдігінің
2023 жылғы 1 шілдедегі
№ 137 қаулысына қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "19" наурыздағы
№ 64 қаулысына қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының ауылдық жерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ету мамандардың лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің ауданның Халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы;

2) аудандық маңызы бар ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің менгерушісі;

3) мемлекеттік мекеменің біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты, санаты жоқ маманы – әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;

4) мемлекеттік мекеменің біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты, санаты жоқ маманы – арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен анықтау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

5) мемлекеттік мекеменің біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты, санаты жоқ маманы – жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

6) ассистент;

7) аудандық маңызы бар Жұмыспен қамту орталығының сектор басшысы.

2. Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары;

3) ауылдық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;

4) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның әдістемелік кабинет, кітапхана менгерушісі (басшысы);

5) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санаттағы мамандары – аккомпаниатор, библиограф, кітапханашы, мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер), барлық атаудағы әдіскер (негізгі қызметтер), музикалық жетекші, режиссер, барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер);

6) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның біліктілігі жоғары, орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандары – аккомпаниатор, библиограф, кітапханашы

, мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер), барлық атаудағы әдіскер (негізгі қызметтер), музыкалық жетекші, редактор (негізгі қызметтер), режиссер, хореограф, барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер);

7) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі мамандары – дыбыс операторы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК